



## ӨНЕР ТАРИХЫ

Алғашқы қауымдық  
немесе «қарабайыр» өнер





Бұл дәрісіміз Эрнст Гомбрихтың «Өнер тарихы» атты еңбегіне қосымша болып табылатындықтан, оның мазмұнын басқа да ғалымдардың зерттеу еңбектерімен толықтыра түсеміз. Сэр Эрнст Гомбрих ағылшын және австрия өнер тарихшысы ретінде өнер сүйер қауымға кеңінен таныс тұлға. Гомбрих та өзге өнер тарихшылары секілді өзінің еңбегін алғашқы қауымдық кезеңнен бастайды. Әрине, келіспеске болмайды. Өйткені жүйеге бағыну, жүйені сақтау тарих талап ететін ең басты заңдылықтардың бірі.

Алғашқы қауымдық кезеңде өнер болды ма? Өнер қашан пайда болды? Қалай пайда болды? деген сұрақтардың осы жерде туындайтыны да заңдылық. Өнер тарихы туралы алғашқы зерттеу еңбектерімен бірге археологиялық қазба жұмыстары да ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан бастап жемісті түрде жалғасқан болатын. Осы археологиялық қазба жұмыстары барысында алғашқы қауымдық адамдар мекен еткен мәдени ошақтар ашылып, археолог ғалымдардың, тарихшы ғалымдардың қызығушылығын арттыра түсті. Нәтижесінде, өнер тарихын алғашқы қауымдық кезеңнен бастап қарастыру қалыптасқан болатын. Өнердің пайда болуын талқылауда көптеген ғалымдар екі түрлі теорияға сүйенеді. Материалистік теория – өнердің пайда болуын адамзаттың пайда болуымен тығыз түрде қарастырып, ол биологиялық қажеттіліктен, адамның өзін қоршаған ортаның тылсым күштеріне деген сенімнен пайда болды деп тұжырымдайды. Ал идеалистік көзқарас керісінше, өнер ол адамның ұдайы еңбегі, ізденісі арқасында пайда болып, қалыптасты деген тұжырымды ұстанады. Бүгінгі күні бұл теорияның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс деп дау туғызу әрине қисынсыз. Өйткені қазіргі біз білетін өнер – алғашқы қауымдық өнер ол кезде өнер ретінде қарастырылған жоқ. Сол өнер бар, миф бар, адамның қоршаған ортаға деген сенімінен туындаған діни көзқарастарының негізінде қалыптаса отырып, адамның тек қана тіршілік қажеттілігіне деген мұқтажынан пайда болды десе болады, яғни қазір біз өнер туындысы деп қарастырып жүрген алғашқы адамдардың шығармашылық әрекетінің жемісі арнайы өнер ретінде жасалған жоқ. Адамдар күнделікті тұрмыс қажеттілігінен ғана, мәжбүрліктен ғана, бір жағынан діни наным-сенім, магия тарапынан қажет болған әрекет болды.

Адамдар белгілі бір өнер туындысын жасауда, сол нәрсеге сенді. Ол ою-өрнек болмасын, қыш ыдыстарды көркемдемесін, үңгірлерге натуралистік жануарлардың бейнесін салмасын немесе пиктографиялық жазулар болсын, олар осы шығармашылық әрекеттерінің барлығында өзін қоршаған ортаны қалай танитынын және сол ортаға деген сезімін көрсетті. Егер қорқатын болса, таңғалатын болса, үрейленетін болса, сол әсерлерінің барлығының жемісі алғашқы қауымдық адамдардың санасында әсер ретінде көрінді. Сонымен қатар, алғашқы қауымдық кезеңде өнердің жекелеген түрлері қалыптаспады. Әдебиет, би, музыка өнердің жекелеген түрі ретінде атау алып қалыптаспаған болатын. Олардың барлығы рәсімдік, ғұрыптық жоралғының бөлшегі болып табылды. Жауын жаусын деп тілесе немесе мол олжалы болайық деп тілесе сол мақсатты рәсімдік жоралғы жасайтын. Соның құрамына бейнелеу өнері кірсе, би кірсе, айғайлау секілді сондай бір әрекеттер кіретін болса, олар оның барлығын тұтас, яғни бейнелі түрде қабылдады. Бұл шындығына келгенде алғашқы қауымдық адам санасының мифтік қабылдау деңгейінде болғандығын түсіндіреді.

Алғашқы қауымдық кезеңдегі өнердің дамуын ғалымдар жалпы адам санасының, адамның еңбекке бейімделуінің, күнкөріс қабілетінің артуына байланысты жіктейді. Осы орайда біз, қалыптасқан хронологияға жүгінейік.

Біз білетін үлкен ірі төрт кезең бар, яғни олар тарихта кеңірек қолданыс тапқан:  
Ежелгі тас ғасыры – палеолит (б.з.д. 5 млн. жылдан – б.з.д. 20–10 мыңжылдық);  
Орта тас ғасыры – мезолит (б.з.д. 20–10 мыңжылдық);  
Жаңа тас ғасыры – неолит (б.з.д. 10–3 мыңжылдық);  
Мыс-тас ғасыры – энеолит (б.з.д. 3–2 мыңжылдық).

Байқап отырғанымыздай аталып кеткен төрт кезеңнің ғылыми атауларында «лит» сөзі жиі кездеседі, яғни барлығының дерлік құрамында бар десек болады. «Лит», яғни «литос» гректің тас деген сөзінен шығады. Бұл аталған кезеңдердің барлығының тас дәуіріне қатысты екенін дәлелдей түседі.

Ал енді бірінші кезеңге тоқталайық. Палеолит дәуірі ерте, орта және кейінгі болып үш кезеңге бөлінеді. Ерте және орта тас ғасыры бұл неандерталдықтың өмір сүрген кезеңі. Бұл кезеңдегі адам өзі бір шығармашылық әрекетке бейім болмады. Ол өмір сүретін қоғам, орта, табиғат не



дайындап берді тек қана соны тұтынумен тіршілік етті, яғни адам суықтан қорғану үшін тұрақ жасаған жоқ, тамақты пісіріп жеген жоқ. Тек қана үңгірлерді мекендеп, шала өңделген, жартылай шикі тамақтарды тұтынды. Бұл кезең адамдары табиғат дайындап берген жартылай өңделген тамақтарды пайдаланғандықтан, оның ағзасы тез қартаюға бейім болатын. Сондықтан да неандерталдық қоғамындағы адамдардың жасының ең ұзақтығы отыз жас болатын.

Келесі кейінгі палеолит дәуірінен бастап адамдар мейлінше қоршаған ортаны игеруге және сол ортаны өзіне бейімдеуге тырыса бастайды. Енді олар үңгірлерден шығып, өздеріне тамақ табуға және табиғатты игеруге ыңғайлы деген жерлерге қоныстана бастайды. Сондай-ақ жылыну үшін, шала өңделген немесе жартылай болса да піскен тамақты тұтыну үшін отты пайдалана бастайды. Бұл кезең кейінгі палеолит, «homo sapiens», яғни саналы адам дәуірі. Адам өзін қоршаған ортаның тылсым күштеріне сене отырып, соларға табына отырып, сонымен қатар өзін сол қоғамды меңгеруге, сол қоғамға басшылық етуге қабілетті тұлға ретінде қарастырады. Кейінгі палеолит уақытында адамдардың қоршаған ортаны меңгеруіне байланысты бейнелеу өнерінің барлық түрлері де пайда болды. Мысалы, олар: жартас кескіндемесі, ұсақ пластика (екінші бір атауы мобильді өнер), пиктографиялық жазулар, петроглифтер. Осы өнер түрлері кейінгі палеолиттен бастау алады.

Алғашқы қауымдық кезеңде кең тараған, бүгінгі күнге дейін әлемнің түпкір-түпкірінде сақталған, бізге дейін жеткен өнер түрлері жартас кескіндемесі мен ұсақ пластика. Ұсақ пластикаға келер болсақ, ғылымда оған қатысты атаулар да көп. Бір жерлерде мобильді өнер дейміз, енді бірде палеолиттік венералар деп те атаймыз. Көлемінің небәрі 10–15 см ғана болуына байланысты ұсақ пластика атауы қалыптасқан болса, мұндай венералар алғашқы қауымдық адамдар өмір сүрген барлық дерлік ошақтардан табылған болатын, яғни алғашқы қауымдық адамдар осындай мүсіндерді көшіп қонған кезде, қоныстарын өзгерткен кезде өздерімен бірге алып жүретін болған. Оларды өздерімен бірге алып жүру ерекшелігіне байланысты мобильді өнер атауы да қалыптасады. Неге «палеолиттік венералар» деп атаймыз? Біз білетін венера атауы гректік әйел құдайлардың бірінің есімі. Ал, палеолиттік венераларға бір қарағанда өте тұрпайы, тартымсыз. Бастары, қолдары, аяқтары мүлде көрсетілмеген күйде тамашалай аламыз. Виллендорф венерасы көлемі 12 см ғана болатын, кішкене көлемді ұсақ мүсін. Басы бұжырланып, бедерленіп қана көрсетілген. Қолдары өте жіңішке, әлсіз әрі кеудесінің үстіне ғана қойылған. Ал, аяқтарын мүсінші жасауға тіпті құлықсыз да болған секілді. Есесіне біз не көреміз? Виллендорф венерасына қарап отырып біз әйел адамның молшылықтың символы ретіндегі дене тұрпатын тамашалай аламыз. Оның кеуде тұсы, бөксе тұсы ерекше әсіреленіп беріліп, дене бітімі гипертрафейлендіру әдісі арқылы барынша әсіреленіп көрсетіледі.

Алғашқы қауымдық адамдардың жартас кескіндемесінде де дәл осы әдіс өзінше бір орын алған болатын. Ол жануар немесе мобильдік өнердегі әйел адам бейнесі болсын оның дене бөлшегі ерекше үлкен етіп көрсетіледі. Бұл молшылықтың символымен байланысты. Молшылық дегеніміз не? Алғашқы қауымдық адам санасы мен түсінігінде ол байлық емес, ол тек қана қарнының тоқтығы, азықтың молдығымен ғана байланысты болды. Палеолиттік венералар секілді неге ер адамдардың мүсіндері болмады деген сұраққа келетін болсақ, бұл жерде ер адамдар аң аулаумен, қоғамда топтасып өмір сүрген қауымды асыраумен айналысты. Ал әйел адам құдаймен пара-пар теңестірілді. Өйткені ол дүниеге жаңа бір жаратылысты, сәбиді әкелуші болды. Дәл әйел адамның өмірінде ғана болатын осындай бір үрдіс тылсым, құпия саналып ол құдаймен тең қарастырылған болатын. Сондықтан да әйел адамның дүниеге жаңа адам алып келе алу қабілетін алғашқы қауымдық адамдар табыну культі ретінде қарастырады.

Палеолиттік венералар тек қана Аустриялық Виллендорф венерасымен шектелмейді, Франциядан, Италиядан, және Ресейдің Костёнки ошағынан да табылған болатын. Мұндай венералардың формасы, материалы әртүрлі болғанымен, негізгі айтар ойы, жеткізейін деген қызметі бір болды. Бұл молшылық символы. Әйел адамның бетіне неге мән бермеді? Өйткені кез келген палеолиттік венера бұл жеке бір әйелдің портреттік образы, портреттік ұқсас болу бейнесі емес. Ол жалпы, жинақ образ. Өйткені суретші бүкіл әйел, ана бейнесін қарастырып отыр. Сонымен қатар палеолиттік венералардың дәл осы кейінгі палеолит уақытында кең қолданыс табуы әйел адамның қоғамды асырауға, қоғамда өзінің маңызды рөлін көрсетуге қабілетті екендігімен байланысты, яғни терімшілік пайда болды. Терімшіліктің пайда болуы әйелдер аңға шықпаса да, бала туудан бөлек, енді терімшілікпен айналысып, қоғамға өз пайдасын тигізе алады. Әйелдің



осындай пайдалы жақтары, оң қырларының ашыла бастауы қоғамда ұзақ уақытқа болмаса да бір сәтке матриархаттың болғанын дәлелдей түскендей.

Палеолиттік венералар секілді гипертрафейлендіру әдісіне жүгіне отырып, дамыған өнер түрі бұл – жартас кескіндемесі болды. Жартас кескіндемесі палеолиттік өмірдің негізі, яғни өзегі десек те болады. Олар сол кездегі адамдар тіршілік еткен үңгірлердің барлығынан дерлік табылды. Жартас кескіндемесінде, негізінен натуралистік сипат алған жануарлардың, аңдардың бейнесі ғана кескінделген болатын. Негізінен жан-жағы жиек сызықтармен бастырыла сызылып, оның дене бөлігіне, яғни етті, олжалы, сүбелі бөлігіне суретші баса назар қоя отырып, оны мейлінше семіз етіп көрсетуге тырысады. Бұл не үшін қажет болды? Алғашқы қауымдық адамдардың палеолит дәуіріндегі ең бірінші, ең маңызды күнкөріс көзі аңшылық болғанын біз тарихтан білеміз.

Палеолиттік адамдар топтасып, аңға шығар алдында сол аңның, аңшылықтың сәтті болуын болжау үшін, алдын ала осындай рәсімдік жоралғылар өтейтін болған. Ондай жоралғылар үңгір ішінде адам көзі түсе бермейтін қалтарыс жерлерде жасалатын болған. Жан-жануардың үлкендігі, көлемі қандай болса сол көлем, яғни натуралистік деп отырғанымыз жануардың көлемі қандай дәл сондай көлемде бейнелеуге тырысады. Осылайша, жартас кескіндемесі белгілі бір дәрежеде діни рәсімдік маңызды бір рөл атқара бастайды. Палеолиттік венералары болсын, жартас кескіндемесінде болсын адамдар өнер туындысын жасап жатырмыз деп ойламаған. Олар тек қана өздеріне қажетті, өмірі үшін аса маңызды белгілі бір ритуалды орындап жатты. Ритуал адамның күн көру қажеттілігімен байланысты. Қайсыбір үңгірді қарастырмайық, жартасқа бейнеленген жануарлардың бейнесі бірінің үстіне бірі баттастырыла, белгілі бір деңгейде композициялық құрылымға бағындырыла салынған болатын. Адамдар бос кеңістіктерге сол бір суреттерді әрбір аңшылық сайын салып отырды. Сондықтан да олардың саны жүзге жетсін, сексенге жетсін олар композициялық құрылымға бағынышты емес. Жартас кескіндемесіне бейнеленген әрбір аңды алғашқы қауымдық адам ертеңгі күні аулаймын, яғни өзіме осыны олжа етемін деген сенім тұрғысынан ғана салған болатын.

Байқап қарасақ, Альтамира, Фон де Гом, Ляско үңгірлеріндегі жартас кескіндемелеріне анық қарайтын болсақ бүгінгі күнге дейін олардың бояу түсі сақталмаса да жалпы бейнелері анық сақталған. Олардың бейнелерінен байқайтынымыз адамдар жануарлардың, қодастардың, бизондардың, мамонттардың мүйізін өте нәзік, иірімді, ырғақты етіп бейнелейді. Альтамира үңгіріндегі бизон аяқтарын бауырына жинап алып, тұйық композиция құрады. Тіпті аяқтары бауырына жиналғанда ана денені көтере алмайтын секілді. Неге? Суретшіге аяқтың қажеті жоқ. Өйткені, аңшылық барысында дәл сол бизонның аяғы оған кедергі етеді. Осындай алғашқы адамның өзін қоршаған ортаны, әлемді, жаратылысты тану түсінігі осындай деңгейде қалыптасып дамып жатқан болатын.

Палеолит дәуірі өнер сахнасында осындай алып, үлкен формаларымен, натуралистік сипатымен қалды. Ол сонысымен де қызықты. Ұзақ уақытқа дейін ғалымдарды «неге олай салды екен?» деген таңданыс тудырып, қызығушылықтарын да арттыра түскен болатын. Ұзақ зерттеулердің арқасында ғалымдар бүгінгідей тұжырымдарды ұсынады.

Палеолит дәуірінен кейін қарастыратын кезеңіміз мезолит дәуірі – орта тас ғасыры. Орта тас ғасырында қандай өзгеріс болды? Адамдар ең бірінші табиғат дайындап берген тұрақтан шығып, өздеріне ыңғайлы табиғи мекендер іздей бастайды. Табиғатқа шығу арқылы ол жасанды тұрақ салуға мәжбүр болды. Жел болады. Күн бірде ыстық, бірде суық, яғни осының барлығынан қорғану үшін адам жасанды тұрақтар салады. Жасанды тұрақ деп отырғанымыз лашық, қос секілді адам өз қолымен құрастырып жасаған тұрақтары. Ең үлкені жертөле түрінде келді. Жертөлелер жерді жартылай қазылып, үстіне шатыр үлгісінде ағаштарды бір-біріне біріктіру арқылы сыртын шөппен немесе аң терісімен жауып, шеттерін таспен бастырып жасалған тұрақтар. Мұндай тұрақтарда адамдар отбасы болып өмір сүрген жоқ. Әлі де болса олар топтасып өмір сүретін. Ерекшелігі – енді адамдар аңшылыққа қарап қалған жоқ. Терімшілік жемісті дамуда. Сондықтан адамдар балық аулау, табиғаттың дайындап берген жеміс-жидектерді теріп күнелту секілді, пайдалы тамырларды теріп тұтыну арқылы өз өмірін әрі қарай дамыта түседі. Сонымен қатар олар тұрмысқа қажетті түрлі заттар жасай бастайды. Осылайша адамның өмірге деген көзқарасы дами түседі.

Мезолит дәуіріндегі адам табиғат алдында, табиғаттың кез келген жаратылысы алдында дәрменсіз емес. Ол саналы, ол қандай қиындық болмасын оны жеңетініне өзіне сенімді адам болды. Сондықтан да жартас кескіндемелерінде біз композициялық сюжеті баяндалған



тақырыптық туындыларды көре бастаймыз. Тағы да адамдар өнер туындысын жасап жатырмын немесе қабырғаға керемет кескіндемелік туынды қалдырып жатырмын деп ойлаған жоқ. Ол өзінің жаңаша сипат алған, дами түскен күнделікті өмір тіршілігін көрсете бастады. Мезолит кезеңіндегі жартас кескіндемесінде енді көп фигуралы аңшылық, терімшілік, бал жинау, балық аулау секілді түрлі тұрмыс көріністерін көре аламыз. Олардың сюжетін де оқуға болады. Аңшылыққа шыққан адамдар қолдарына найзаларын алып, құландарды тығырыққа тірей қуып апарып, олардың дәрменсіз сәтін, оқиғаның кульминациясын көрсетіп кеткен. Тығырықта құландар не істей алады? Суретші осымен өлімді көрсетпесе де оның алдағы мәселесі шешілген болатын. Осылайша, мезолит дәуіріндегі кескіндеме өнері адамдарды схематизациялау, геометриялау секілді өрнектік бір сипат ала бастайды. Енді натуралистік бейнені кескіндеудің қажеттілігі жоқ. Палеолит дәуіріндегі алып, екі-үш метрге созылған бейнелер енді кішірейіп, енді олар көп фигуралы композициялардан тұрады. Адамдардың бастары дөңгелек, денелері үшбұрыш, аяқтары сызық немесе оның қозғалысына қарай шартты түрде ғана берілетін. Осы шарттылық мезолит өнерін палеолит өнерінен айқындап берді.

Келесі бір кезең неолит кезеңі, яғни нео – жаңа, жаңа тас ғасыры дегенді білдіреді. Бұл кезде адам өмір сүруге ыңғайлы орын іздеп көшіп, қонуын тоқтатты. Ол отырықшы өмір салтын жүргізе бастады. Адам егін екті, мал бақты. Сол арқылы бір жерде отырып-ақ өз күнін өзі көре алатын жағдайға жетті. Неолит кезеңіндегі ең үлкен жетістік ғылымда неолиттік төңкеріс деп аталады. Бұл қыш бұйымдардың пайда болуы. Бұрын тек қышты саз балшықтан жасап, ол бір нәрсе құюға ыңғайлы болды. Алайда су құйсаң еріп кететін, күнге кептірсең жарылып кететін. Саз балшықтың қасиетін неолитке дейінгі кезең біле қойған жоқ. Неолит кезеңінде саз балшықты илеп, иіп, белгілі бір формаға келтіріп, оны отқа қойып күйдірсе, ол сұйықтық құюға, ішіне егіннен алған өнімдерін сақтауға болатын бір зат, тұрмысқа қажетті бұйым болатынын түсінді. Сонымен қатар неолит кезеңінде арба, ине секілді тұрмысқа қажетті заттар да пайда болып, адамдар енді киімдерін тігу үшін инені де қолдана бастады. Жер өңдей бастады. Ең маңыздысы, осы қыш ыдыстарды жасауда адам өзі жасап шығарған бұйымды эстетикалық қызметі жағынан, екінші мағыналық жағынан безендіруге қауқарлы болды. Қыш ыдыстарды отқа салып күйдірмес бұрын, оның сыртын әртүрлі геометриялық ою-өрнектермен безендіріп отырды.

Қыш ыдыстардың сыртында бедерленген әртүрлі геометриялық өрнектердің де маңызы болды. Көп кездесетіні крест, шиыршық, яғни спираль, дөңгелек және ирек сызықтар. Бұл сызықтардың, өрнектердің барлығы жәй қыш ыдыстарды құр безендіру үшін ғана қажет болған жоқ. Ол алғашқы қауымдық неолиттік адамдардың өзін қоршаған орта туралы таным-түсінігінің көрінісі болды. Қыш құмыралардың сыртында кезігетін крест бұл екі дүниенің байланысы, әйел мен ердің байланысы. Өйткені кез келген тік сызық еркектік бастама және аспан. Ол көк әлемі. Соның символдық белгісі ретінде танылған. Ал көлденең сызық, бұл әйел бастамасы. Сонымен қатар жердің символдық белгісі ретінде танылған болатын. Шиыршық, ол үнемі қозғалыста, яғни ол ішке қарай айналады немесе сыртқа қарай шиыршықталып айналады. Ол қозғалыстың, өмірдің, тіршіліктің, ешуақытта тоқтауға болмайтын тіршіліктің символы болды. Ирек судың, үшбұрыш формасы тауға ұқсайды, сондықтан таудың белгісі ретінде олар табиғатты, өзін қоршаған ортаны осылайша жеткізіп отырды. Дөңгелек пішін арқылы күнді, оның ортасына нүкте қою арқылы жердің белгісін салса, олар космогониялық ою-өрнектер ретінде қалыптасты. Космогония – бұл аспан әлемі, жаратылыс туралы белгілік өрнектер болатын. Алғашқы қауымдық адамдар осылай сана жағынан болсын, тұрмыстық ыңғайлы өмір сүру жағынан болсын даму үстінде болды.

Шамамен б.з.д. 3–2 мыңжылдық кезеңінде жаңа дәуір, жаңа кезең басталды. Оны мыс-тас ғасыры немесе неолит дәуірі деп атаймыз. Энеолит дәуірі палеолиттегі, мезолиттегі, неолиттегі жаңалықтардан бөлек, тағы бір тың өзгерісті алып келді. Ол сәулет өнерінің алғашқы нышандарының көрініс табуы болатын. Сәулет өнерінің алғашқы нышандары деп отырғанымыз не? Адам әлі де мифтік қабылдау деңгейінде. Өзін қоршаған ортаға, өзін жаратқан ортаға ол барынша сенеді. Күннің, найзағайдың әрбір жыртқыш жануардың өзінің құдайы, жаратылысы бар деп ұқты, яғни сол кезеңде тотемдік болсын, зооморфтық болсын, бір таным, наным түсінігінде болды. Осыдан келіп адамдар, сол культуріне табыну орындарын ыңғайлай бастайды. Бұрын олар өздері жасайтын әрекетті жоспарлаған болса, енді табыну орындарын дайындайды. Мұндай орындар арнайы бір ашық алаңқайларды қажет етті де, сол алаңқайларда белгілі бір





Кітап: Өнер тарихы

Дәріс: 1. Алғашқы қауымдық немесе «қарабайыр» өнер

конструктивтік құрылымы бар, сәулеттік нышанның бастамасы болатын құрылыс жүзеге асты. Оның композициялық құрылымы, өзінің іс-әрекет жүзеге асатын орталығы, идеялық-мағыналық орталығы болды. Мұндай құрылыстар ең алғаш мегалиттен бастау тапты.

Мегалит дегеніміз жерге тігінен орнатылған, жалғыздан келетін үлкен алып монументалды тастар. Кейбір деректерде ғалымдар мұндай мегалит тастардың адам немесе сол жерде бір өзерінің қоғамдарындағы маңызды адамдар жерленген жерге ескерткіш ретінде орнатып, соған табынды деген де болжамдар жасайды. Мегалиттерден кейін құрылыс күрделене түседі.

Адам тылсым дүниеден қорғану, жасырыну қажеттігін сезіне бастайды. Осы мақсатта олар екі немесе төрттен тік тастар қойып, оның төбесін жалпақ плиталармен жаба отырып, баспанаға ұқсас дольмендер жасайды. Сыртқы формасына қарасақ олар үстелге ұқсайды. Қазақша аударсақ, дольмендер «үстел тастар» деген мағына береді. Ғалымдардың бір зерттеулерінде олар жасырынуға арналған уақытша баспана түріне ұқсайтын болса, байқап отырғанымыздай ол ең алғашқы сәулеттік форма. Жасырыну, баспана үлгісі, яғни кез келген сәулеттік құрылыс адамның бір қажеттілігіне жарау үшін ойластырылған болатын. Енді екінші бір формасында ол үстел, жасырынудан бөлек қызметі ол құрбандыққа арналған орын болуы да мүмкін. Менгирлер, дольмендер біріге отырып, жинақталып үлкен бір композиция құрайды. Оның конструктивті құрылымы бар. Мұндай құрылыстарды мегалиттер деп атаймыз. Мегалиттер, яғни «мега» – үлкен, «лит» – тас, мега, алып, үлкен тастардың жиынтығынан құралған кешен. Дәл осындай кешенді біз Англияның Стоунхендж деген жеріндегі кромлехті айтамыз.

Қарап отырсақ бүгінгі күнге дейін сақталған бұл кромлехтар адамзаттың бүкіл жалпы даму тарихындағы ең алғашқы кезеңнен сақталған жалғыз куәгері. Қорытындылай келе, Эрнст Гомбрих өз еңбегінде алғашқы қауымдық өнер және примитивті өнер деп тоқталған болатын. Примитивті өнер деп «қарабайыр», кейде қазақша «қара дүрсін» деп айтамыз. Осы өнер арқылы ол алғашқы қауымдық өмір сүру қағидасын бүгінгі күнге дейін ұстанушы халықтардың да өнерін қарастырады. Олардың қатарында Африка халықтарының өнері, Ежелгі Америка халықтарының өнері және Теңіз аралдары халықтарының өнері бар. Бұл ұжымдасып, топтасып ойлау деңгейінде өмір сүретін әлі де болса өнерді жеке дара формасында қарастырмайтын, керісінше өмір сүру үшін қажетті, соның құрылымдық факторы ретінде қарастыратын, яғни алғашқы қауымдық адам кез келген өнер туындысын жасау барысында әлемді, өзін жаратқан ортаны және сол әлемдегі өзінің орнын анықтаумен байланысты болды.